

«Тагдырластар» клубынын кантар айындагы кездесуі

Шымкент қалалық қозі қормейтін және әлсіз қоретін азаматтарға арналған арнайы кітапханада «Бізге таныс бейнелер» атты «Тагдырластар» клубынын кезекті басқосу іс-шарасы өтті. Шараны клуб жетекшісі Ербек Бақиев жүргізді. Алдымен кантар айында туылған клуб мүшелерін құттықтап, бағалы сыйлықтар табыстап тәтті тілектер арналды.

Айтулы жиында қазақ әдебиетінде өз орны қалыптасқан және ұлт өнерімен мәдениетіне адал қызмет еткен дара тұлғалардың өмірі мен жарқын бейнесі өнбектері кенінен айтылды. Халық арасында кен таралған «Жас жұбайлар», «Теріскей», «Мүнайма», «Қуантқым келеді» деген әндер орындалып, театр сахнасында сомдаған ролдер мен кинода ойнаған кейіпкерлер дауысы сондай-ақ белгілі қаламгерлердің фотопортреттері жасырылып, оқырмандар жасырылған дауыстар мен суреттерді тауып, жөнімпаз атанды. Түрлі ойындар ұйымдастырылып, белсенді қатысқандарға сый-сіапаттар табыс етілді. Кешке Ыбырай Алтынсарин атындағы Түркістан облыстық балалар кітапханасынын қызметкері Талига Наханова әсем әндерінен шашу шашса, «Отбасы хрестоматиясы» Шымкент қаласындағы оқилдері арнайы келіп, кітапханаға біраз кітаптарды сыйға тартып оқырмандарға рухани азық қалдырды. Кеш аясында ақын Әселхан Торбаева арнайы қонақ болып келіп, жақында ғана жарыққа шыққан «Зәуре» атты кітабын кітапханаға тарту етті.

Кеш барысында ақын Ақберен Елгезек арнайы кітапхана оқырмандарына клуб мүшелеріне ақ тілегін арнап, өз өленін тарту етіп, арнайы бейнежазба жолдады. Сонымен қатар сазгер, қоптеген әндерді жарыққа шығарған, «Жас жұбайлар» өнінін авторы Бекжігіт Сердалиевте аталған шараға өз тілектестігін білдіріп, арнайы құттықтау бейнежазбасын жеткізді. Оқырмандар ерекше әсер алып, естелік суретке түсіп, қонілді тарасты.





